

ISSN (Print) 2616-6844
ISSN (Online) 2663-1318

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ҚҰҚЫҚ сериясы
LAW Series
Серия ПРАВО

№ 1(130)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы

Ибрагимов Ж. И. Заң ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

Абдрасулов Е. Б. з.ғ.д., профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

Аничкин Е. С. з.ғ.д., доцент, Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей

Редакция алқасы

Абайдельдинов Е.М.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Абдилов Қ.С.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ақпанов А.Н.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Амандықова С.К.	з.ғ.д., проф., Астана халықаралық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бабкина Е.В.	з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т.	з.ғ.д., проф., академик, «КАЗГЮУ университеті» АҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Балтабаев К.Ж.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бурибаев Е.А.	з.ғ.д., проф., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Бусурманов Ж.Д.	з.ғ.д., проф., ҚР Жоғарғы Сот төрелігі Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Винниченко О.Ю.	з.ғ.д., проф., Тюмень мемлекеттік университеті, Тюмень, Ресей
Исполинов А.С.	з.ғ.д., проф., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей
Кала Н.С.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Коняхин В.П.	з.ғ.д., проф., Кубан мемлекеттік университеті, Краснодар, Ресей
Коробеев А.И.	з.ғ.д., проф., Қиыршығыс федералды университеті, Владивосток, Ресей
Мукашева А.А.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нургалиева Е.Н.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Сарсенова С.Н.	з.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тлепина Ш.В.	з.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Томас Давулис	з.ғ.д., проф. Гедиминас атындағы Вильнюс университеті, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон	з.ғ.д., проф., Таллин университеті, Таллин, Эстония
Трунк А.	з.ғ.д., проф., Кристиан Альбрехт атындағы, Киль университеті, Киль, Германия
Турлуковский Я.	з.ғ.д., проф., Варшава университеті, Варшава, Польша

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Қ.Ж. Жұмабекова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

27.03.18 ж. № 16992-Ж-тіркеу куәлігімен Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 20 дана

Басуға 28.03.2020 ж. қол қойылды

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-457)

Editor-in-Chief

Ibragimov Zh.I. Doctor of Juridical Sciences, Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

Abdrassulov E.B., Doctor of Juridical Sciences, Prof.,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

Anichkin E.S. Doctor of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Altai State University (Russia)

Editorial board

- Abaydeldinov E.M.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Abdilov K.S.** PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Akhpanov A.H.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Amandykova S.K.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Babkina E.V.** Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., Belarusian State University, Minsk, Belarus
- Baymakhanov M.T.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academician, KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Baltabayev K.Zh.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Buribaev E.A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Busurmanov Zh.D.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academy of Justice under the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Vinnichenko O.Yu.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., University of Tyumen, Tyumen, Russia
- Ispolinov A.S.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia
- Kala N.S.** PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Konyakhin V.P.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Kuban State University, Russia, Krasnodar, Russia
- Korobeyev A.I.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Far Eastern Federal University, Vladivostok, Russia
- Mukasheva A.A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Nurgaliyeva E.N.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Sarsenova S.N.** Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Tlepina Sh.V.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
- Tomas Davulis** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Vilnius University, Vilnius, Lithuania
- Rain Mullerson** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Tallinn University, Tallinn, Estonia
- Trunk A.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Keele University, Keele, Germany
- Turlukovsky Ya.** Doctor of Juridical Sciences, Prof., Warsaw University, Warsaw, Poland

Responsible secretary, computer layout: **K.Zh. Zhumabekova**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University. Law Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 16992-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 20 copies

Signed for print on 28.03.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-457)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор

Ибрагимов Ж. И. доктор юридических наук, профессор,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора

Абдрасулов Е. Б. д.юр.н., проф.,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора

Аничкин Е. С. д.юр.н., доцент, ФГБОУ ВО «Алтайский государственный университет», Барнаул, Россия

Редакционная коллегия

Абайдельдинов Е.М.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Абдилов К.С.	PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ахпанов А.Н.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Амандыкова С.К.	д.юр.н., проф., Международный университет Астана, Нур-Султан, Казахстан
Бабкина Е.В.	к.юр.н., доцент, Белорусский государственный университет, Минск, Беларусь
Баймаханов М.Т.	д.юр.н., проф., академик, АО «Университет КАЗГЮУ», Нур-Султан, Казахстан
Балтабаев К.Ж.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бурибаев Е.А.	д.юр.н., проф., КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Бусурманов Ж.Д.	д.юр.н., проф., Академия правосудия при Верховном Суде РК, Нур-Султан, Казахстан
Винниченко О.Ю.	д.юр.н., проф., ФГАОУ ВО «Тюменский государственный университет», Тюмень, Россия
Исполинов А.С.	д.юр.н., проф., МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия
Кала Н.С.	PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Коняхин В.П.	д.юр.н., проф., ФГБОУ ВО «Кубанский государственный университет, Краснодар, Россия
Коробеев А.И.	д.юр.н., проф., Дальневосточный федеральный университет, Владивосток, Россия
Мукашева А.А.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургалиева Е.Н.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Сарсенова С.Н.	к.юр.н., доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тлепина Ш.В.	д.юр.н., проф., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Томас Давулис	д.юр.н., проф., Вильнюсский университет имени Гедиминаса, Вильнюс, Литва
Рейн Мюллерсон	д.юр.н., проф., Таллиннский университет, Таллин, Эстония
Трунк А.	д.юр.н., проф., Кильский университет им. Кристиана Альбрехта, Киль, Германия
Турлуковский Я.	д.юр.н., проф., Варшавский Университет, Варшава, Польша

Ответственный редактор, компьютерная верстка: **К.Ж. Жумабекова**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-457)

E-mail: vest_law@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Право

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 16992-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 20 экземпляров

Подписано в печать 28.03.2020

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1,

тел.: +7 (7172) 709-500 (вн.31-457)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық

- Капсаямов К.Ж., Капсаямова С.С., Османова Д.Б.** Салық қызметін жетілдіру әдістерінің бірі ретінде жалпыға бірдей декларацияны құқықтық реттеудің кейбір аспектілері 8
- Максименко Е.В., Абдилов К.С., Наурызбаев О.Е.** Іске асырудың кейбір аспектілерін функционалды талдау Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясатының тұжырымдамасы 16
- Оспанова А.Н., Ибрагимов Ж.И.** Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің дамуындағы құқықтық мәдениетінің орны 22

Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық құқық

- Қуаналиева Г.А., Махамбетсалиев Д.Б., Калкаева Н.Б.** «Қылмыс», «қылмыстық теріс қылық» және «әкімшілік құқық бұзушылық»: ұқсастығы мен айырмашылықтары 29
- Мергембаева Н.Б.** Террористік актілерді тергеу барысында арнайы білімді қолдану 42
- Сейтжанова Н.К.** Шетелдердің қылмыстық заңнамасында бағалау санаттарын қолданудың негізгі үрдістері 48
- Сембекова Б.Р.** Террористік бағыттағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды криминологиялық талдауы 64
- Сунцов А.П., Төлегенқызы А.** Ресей және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әлеуметтік-құқықтық институтын қалыптастыру 72

Азаматтық, Еңбек құқық

- Алимханова С.К.** ЕАЭО елдерінің еңбек заңнамасын үйлестіру 78
- Балабиев Қ.Р.** Республикасы сот жүйесін дамыту бойынша әлемдік медиация тәжірибесін қолдану 84
- Мукашева А.А., Сабиров К.К., Қалтаева А.Т.** Жылжымайтын мүлікті адал иеленушінің құқықтарын қорғау тәсілі ретінде виндикацияны шектеу 93
- Нұрмағамбетов Ә.А.** Кәсіпкерлердің субъективті азаматтық құқықтарды жүзеге асыру шектері туралы 100

Contents

The theory of the state and the law, the constitutional law

- Kapsalyamov K.Zh., Kapsalyamova S.S., Osmanova D.B.** Some aspects of the legal regulation of universal declaration as one of the methods for improving tax activity 8
- Maksimenko E.V., Abdilov K.S., Nauryzbaev O.E.** Functional analysis of some aspects of implementation The concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan for 2010-2020. 16
- Ospanova A.N., Ibragimov G.I.** The place of legal culture in the development of statehood of the Republic of Kazakhstan 22

Criminal and criminal procedural law

- Kuanaliyeva G.A., Muratkhanova M.B., Makhambetsaliyev D.B., Kalkayeva N.B.** «Crime», «criminal misconduct» and «administrative offense» : similarity and differences 29
- Mergembaeva N.B.** Use of special knowledge in the investigation of terrorist acts 42
- Seitzhanova N.K.** The main trends in the use of evaluation categories in the criminal legislation of foreign countries 48
- Sembekova B.R.** Criminological analysis of criminal offences of a terrorist orientation 64
- Suncov A.P., Tolegenqyzy A.** Establishment of the social and legal institution of the fight against corruption in Russia and the Republic of Kazakhstan 72

Civil, Labor law

- Alimkhanova S.K.** Harmonization of labor legislation of the EAEU countries 78
- Balabiyev K.R.** The World Experience in Mediation and its Application at the Development of the Judicial System of the Republic of Kazakhstan 84
- Mukasheva A.A., Sabirov K.K., Kaltayeva A.T.** Restriction of vindication as a way of protecting the rights of a bona fide purchaser of real estate 93
- Nurmagambetov A.A.** On the limits of the exercise of subjective civil rights by entrepreneurs 100

Содержание

Теория государства и права, конституционное право

- Капсаямов К.Ж., Капсаямова С.С., Османова Д.Б.** Некоторые аспекты правового регулирования всеобщего декларирования как одного из методов совершенствования налоговой деятельности 8
- Максименко Е.В., Абдилов К.С., Наурызбаев О.Е.** Функциональный анализ некоторых аспектов реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан на 2010-2020 гг. 16
- Оспанова А.Н., Ибрагимов Ж.И.** Место правовой культуры в развитии государственности Республики Казахстан 22

Уголовное и уголовно-процессуальное право

- Куналиева Г.А., Махамбетсалиев Д.Б., Калкаева Н.Б.** «Преступление», «уголовный проступок» и «административное правонарушение»: схожесть и различия 29
- Мергембаева Н.Б.** Применение специальных знаний при расследовании террористического акта 42
- Сейтжанова Н.К.** Основные тенденции использования оценочных категорий в уголовном законодательстве зарубежных стран 48
- Сембекова Б.Р.** Криминологический анализ уголовных правонарушений террористической направленности 64
- Сунцов А.П., Толегенкызы А.** Становление социально-правового института противодействия коррупции в России и в Казахстане 72

Гражданское, Трудовое право

- Алимханова С.К.** Гармонизация трудового законодательства стран ЕАЭС 78
- Балабиев К.Р.** Мировой опыт медиации и его применение в развитии судебной системы Республики Казахстан 84
- Мукашева А.А., Сабиров К.К., Калтаева А.Т.** Ограничение виндикации как способ защиты прав добросовестного приобретателя недвижимого имущества 93
- Нурмагамбетов А.А.** О пределах осуществления предпринимателями субъективных гражданских прав 100

А.Н. Оспанова, Ж.И. Ибрагимов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: oan11@bk.ru, zhamaladen@mail.ru)*

**Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің дамуындағы
құқықтық мәдениетінің орны**

Аңдатпа. Мақала шеңберінде құқықтық мәдениеттің заңдық практика барысындағы маңыздылығына талдау жасалған. Құқық қолдану және құқық шығармашылық қызметі, осы процестерде қуатты өзін-өзі ұйымдастыру бастауларымен қатар, осы қоғамда бар құқықтық нормалар мен құндылықтар шеңберінде заң қызметінің белгілі бір ережелері басым орын алатын жағдайларда тиімді бола түсетіндігі аталып кеткен.

Сонымен қатар, еліміздегі Ата заңға енгізілген толықтырулар мен өзгеістерден негізін алатын құқықтық реформалардың аясындағы қоғамдағы құқықтық мәдениеттің дамуына талдау жасалады. Мақала авторлары құқықтық мәдениет пен құқықтық санаға қатысты еңбектерді зерделей отырып, бұл ұғымдардың құқықтық мемлекетті одан әрі жетілдіруде өте маңызды рөл атқаратындығына ерекше назар аударады. Бұл мақаладағы айтылған мәселелер болашақтағы ғылыми зерттеулерге үлкен ой салады. Өйткені ғылыми мақалада кейбір институттардың мән-мағынасына жаңа тұжырымдамалық тұрғыда баға беріледі.

Түйін сөздер: Ата заң, құқық, ұлттық заңнама, құқықтық мәдениет, азаматтық қоғам, құқықтық сана, құқықтық мемлекет, норма, бап.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2020-130-1-22-28>

Қазіргі заманда Қазақ елінің әлемдік шеңберде беделін көтеруде қоғам мүшелерінің құқықтық санасын жоғары деңгейде дамыту заң ғылымдарының саласында өзекті мәселе болып отыр. Біздің ойымызша, лауазымды тұлғалардың кәсіби құқықтық санасын одан әрі жетілдіру мемлекеттік идеологияның ең негізгі басымдықтары болуы тиіс.

Қанша дәрежеде цифрлы технология арқылы жетістіктерге қол жеткіземіз десек те, заңның сақталуы, оның нормаларын бұлжытпай орындау үшін құқықтық сананың өте терең де, мағыналы болуы өте керек.

Бұл еңбекті жазу барысында қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейі, азаматтардың құқықтық санасын жетілдірудегі көптеген еңбектерге талдау жасай отырып, зерттеушілердің құнды пікірлерін қарастырып, арттыру жолдары мен тәсілдерін негіздеу болып саналады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылған:

Қазақ Елінің тәуелсіздігін жаңғыртудан бері қалыптасқан құқықтық мәдениетке талдау жасау және құқықтық сананың деңгейінің азаматтық қоғамның дамуына ықпал етуіне қатысты мәселелерді жан-жақты зерделеу.

Мемлекеттік билікті жүргізудегі лауазымды адамдардың кәсіби құқықтық мәдениетін жүйелі түрде талдап, қоғамның құқықтық дамуындағы азаматтардың да құқықтық санасына көп бағытардың байланысты екендігіне көз жеткізу.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері посткеңестік кеңестік елдері арасында экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыртуды сәтті жүргізуші ел ретінде үлгісіне айналды деп айтсақ артық болмас. Орасан зор табиғи байлыққа, халықының зияткерлік әлеуетіне және дамып келе жатқан саяси белсенділіктеріне ие бола отырып, Қазақстан таяу болашақта әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіру жолымен дұрыс жылжуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену кезінде

бізге адал бәсекелестік, әділдік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет атмосферасы қажет» деген ойы айқын көрсетілген еді [1].

Құқықтық мемлекетті құру барысында неғұрлым маңызды міндеттердің қатарында тиісті құқықтық сананы қалыптастыру мәселесі де орын алады. Құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі, оны құрудың міндетті талабы қоғамның жоғарғы деңгейдегі құқықтық мәдениеті, әсіресе, мемлекеттік қызметшілер мен басқа да лауазымды тұлғалардың кәсіби құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі болып табылады.

Мемлекет дамуының құқықтық тәжірибесінде құқықты түсінбеу, оны құрметтемеу, соның салдарынан болатын қоғамдағы келіспеушіліктерді, дауларды жиі кездестіреміз.

Әрине құқықты білмеген, оны біле тұра орындамаған азаматтардың әрекетінен құқықты қолдану тәжірибесінде қайшылықтар туындайды. Мемлекетімізде бұл салада көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр. Мемлекеттік қызметке орналасудың алғашқы қадамдарының бірі тиісті саладағы заңнаманы жақсы білу, игеру болып табылады.

Кейбір азаматтар құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің мағынасын түсіндіру туралы сөз қозғалған кезде, басым көпшілігі адам құқықтарын қорғаумен байланыстырады. Дегенмен, құқықтық мәдениеттің төмендігінің әсері кеңірек.

Құқықтық нигилизм сыбайлас жемқорлықты да туындатады, соның салдарынан көлеңкелі экономика пайда болады және тағысын тағы. Осының бәрі мемлекеттің тұрақты, дұрыс қызмет етуіне кедергі жасайды. Онымен қоймай, адамдардың заң мен құқықтарын білмеу салдарынан жалпы мемлекеттің болашағы өзгеріп жатады, себебі, бұл сауатсыздық жеке ықпалды топтардың өздерінің саяси ойындарының мақсатына жетуде мыңдаған халықты қолдануына септігін тигізеді, қарулы қақтығыстар мен басқа да қайғылы жағдайларға әкеліп соқтырады.

Қазақстанда құқықтық сауаттылық мәселесіне көп көңіл бөлінген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайтудың аса маңыздылығын әрдайым айтуда. Сонымен қатар, ұлттық заңнаманы түсіндіру мен азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолында белсенді жұмыстар атқарудың қажеттілігін атап көрсетуде.

Қазақстанда құқықтық мәдениет мен сауаттылық мәселелері сайлау, реформалар өткізу кезеңдерінде және басқа да мемлекет үшін маңызды процестерде шиеленісе түсетіндігі бәрімізге белгілі. Осы уақытта наразылық топтар, саяси және қоғамдық бірлестіктер қалыптасып, митинг, наразылық акцияларын ұйымдастырып жатады.

Митинг демократиялық мемлекет үшін азаматтардың өз ойларын жеткізу процесі болып табылатын қалыпты жағдай. Дегенмен, Конституция мен ұлттық заңнамалармен қарастырылған өзінің белгілі тәртіптері болатындығын, және де ол нормативтік актілер әлемдік стандарттарға сай болуы үшін уақыт өте келе өзгеріске ұшырайтындығы тағы бар.

2019 жылғы 2 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар. Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс» деп атап өткен [2].

Осы тұста құқықтық сауаттылығының мәселелері қозғалған. Заңды білу және басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарай білген жағдайда ғана, осы бейбіт митинг қатысушылары оны өткізуде адам өміріне қатер төндіретін, тәртіп бұзушылық пен өзге де заңға қайшы іс-әрекеттердің жасауына жол бермейді.

Сонымен қатар, құқықтық білімсіздік көптеген азаматтардың мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау бағдарламаларынан тыс қалып жатуы, алаяқтардың құрбандары болуы сынды басқа да келеңсіз жағдайларға әкеліп соғады.

Қоғамдағы адамдардың тәрбиесіне үлкен мән беру, жалпы имандылық, адамгершілік бүгінгі таңдағы құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы тиіс. Ал заңдарды терең ұғыну, оны түсіне білу, оның баптарын бұлжытпай орындау қоғам мүшелерінің өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұғынудың төмендеуі жиі кездеседі.

Қарапайым азаматтардың құқықтық санасының тереңдігі қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығына әкелетін болса, лауазымды адамдардың құқықтық мәдениетінің дәрежесі нақты бір саладағы міндеттерді заңды түрде сапалы, әрі жүйелі орындауға әкеледі. Мемлекеттің дамуының көрсеткіші, әлемдік бағалау агенттіктерінің қорытындысы тиімді билік шешімдері, әділ сот үкімдеріне сәйкес беріледі.

Сондықтан қоғамдағы тәртіптің, құқықтың сақталуы және орындалуы көбінесе мемлекеттік қызметшілердің жүйелі жұмыстарына байланысты. Бүгінгі таңдағы әлемдік деңгейде таралып отырған індетке одан әрі жол бермеуде мемлекеттік билік органдарының тиянақты жұмысы және заң шеңберінде атқарылатын көп факторлар байланысты.

Осыны негізге алған қоғамның мүшелері де өздерінің құқықтық мәдениетін көтеріп, мемлекетте белгіленген тәртіптің ережелерін бұлжытпай орындауға міндетті. Бүгінгі күндегі Қазақ елінің азаматтарының құқықтық мәдениетін заңның нормаларын, мемлекеттік билік бекіткен тәртіптің баптарын толық түсініп, оны өмірінде жүзеге асыруынан байқай аламыз.

Әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесі бұл індеттің заңды орындамай, құқықтық тәртіпті сақтамағаннан таралғанын көрсетті. Құқықтық мәдениет азаматтардың құқық нормаларын түсініп, оған деген оң көзқарасынан толыққанды дамып жетіледі. Сондықтан осындай сын сағатта қарапайым тұрғындардың құқықтық мәдениетінің жоғары болуы көптеген нәтижелерге әкеледі.

Жалпы әлем мемлекеттері дамуында халықаралық тәжірибеде темірдей құқықтық тәртіп болған елдердің жетістіктерге жеткенін байқауға болады. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің толыққанды болуы, қоғам өмірінің сапасын арттырады. Бұл ұғымдарды терең сіңірген тұрғындар мемлекетте қабылданып отырған мемлекеттік шешімдерге, ұлттық заңнамамызға да құрметпен қарайтын болады.

Қоғамдағы құқықтық жаңғыртуларға үлкен ықпал ететін бұл ұғымдар әрбір азаматтың мемлекет дамуына қосқан үлесінен де байқалады. Бүгінгі таңда елге адал қызмет ету, елді сүю мәселелері тек патриоттық шеңберде қарастырылады. Ал негізінде халыққа қызмет ету, Отанды сүю идеологиялық тұрғыда қолға алынып, жүйелі зерделеніп азаматтарға бұлжымас қағида ретінде қайта ұсыналатын болса, көптеген мәселелердің шешімі өз жолын шұғыл табатын еді.

Қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейін атқарушы мемлекеттік билік тарапынан қабылданған оң шешімдерден, заң шығарушылардың қабылдаған халыққа тиімді заңдарынан, сот билігінің заңды және әділетті үкімдерінен де жинақтауға болады. Осы қағидаттарды негізге алған лауазымды адамдар халыққа адал қызмет ететін болса, қарапайым тұрғындардың да құқықтық мәдениеті одан әрі тереңдеп, жетіле түсетін еді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетінің жетілдірудің тиімділігі туралы ғалымдар мынадай пікір білдіреді: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі негізінен реттеледі және мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін көтеру үшін негіз болуы мүмкін. Құқықтық мәдениетсіз заманауи мемлекеттің мұраттары іске асырылмайды. Мұндай жағдайда мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәдениетінің рөлі күрт артады. Әлеуметтік қызметтерді бөлу жүйесіндегі ұйымдастырушы және қатысушы мемлекеттік қызметші, сондай-ақ, өкілеттіліктерді бөлудің механизмі халықтың бақылауында. Бұл бақылаудың нысандары мен әдістері даму мен жақсартуға жағдай жасайды. Тренд айқын: азаматтар арасында жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастырмай халықтың кеңінен қатысуынсыз, әлеуметтік мемлекеттік міндеттердің шешу мүмкін емес.

Қазіргі заманғы әлеуметтік және құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік қызметтің тұжырымыдамаларын түбегейлі қайта қарауға әкеледі» [3,143].

Құқықтық мәдениетті жетілдіру арқылы біз барлық деңгейде адам тәрбиесімен ұштастыра отырып, мәселені одан әрі тереңдетуіміз қажет. Қазақ елін әлемге танытар тұлғалар дана, қазақтың төбе биі Абай Құнанбайұлы адам болудың шарты «бес нәрсеге асық болуға және бес нәрседен қашық болуға» шақырған үндеуін де бүгінгі заманның құқықтық мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қабылдауымыз қажет.

Кез келген құндылық адам бойына жас кезінде берілген тәрбиемен сіңіріледі. Ресей империялық әкімшілігінің өз кезеңіндегі ешкімге керексіз жарғылары, нұсқаулары туралы қазақтың жарық жұлдызы Шоқан Уәлиханов та айтқан болатын. Қанына, жанына сіңген құндылықтар, тәрбиемен қосарланып берілген тәртіп ережелері болмаса, кейбір қоғам мүшелерінің орындамауға талпынатынын өмір мысалдары айқын көрсетіп отыр.

Әлемге аты мәшһүр шығыс данасы Әбу Насыр Әл-Фараби өз заманында тәрбиесіз берілген білімнің адам баласының қас жауы екендігін бүгінгі заман толық көрсетіп отыр. Тәрбиесіз алынған құқықтық білімді кейбір адамдардың өзінің жеке мүддесіне пайдаланып, заң алдында жауапқа тартылатындығын құқық қолдану тәжірибесі жиі айқындайды.

Бұл қағидат мемлекетке, құқық қорғау органдарына қызмет етушілер алдында басты құндылық болуы керек. Өйткені ұлттық тәрбие көрген, иманжүзді, адами құндылықтарды терең сіңірген азамат қана халқына адал қызмет ете алады. Осы азаматтардың құқықтық санасы терең, ал құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары болады. Ол өз кезегінде мемлекеттегі құқықтың үстемдігіне, заңның бұлжымай орындалуына әкеледі.

Құқықты мәдениетті одан әрі тереңдеп талдауда және жетілдіруде азаматтарға үлгі болатын мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетінің рөлі жоғары. Өйткені мемлекеттегі қабылданған әрбір шешімнің әзірленуіне үлесін қосатын олардың құқықтық санасымен көп факторлар тығыз байланысты.

Мемлекеттің құқықтық дамуының сапасын артырудағы мемлекеттік қызметкерлермен байланысты құқықтық мәдениет туралы зерттеушілер былай деп атап көрсетеді: «Қазіргі заманғы жаһандық даму, дүние жүзіндегі қарқынды реформалар халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтің жоғары деңгейде болуын қажет етеді. Ал ол кезегінде мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру және бекітудің жаңа талаптарына сәйкес мәселелерге назар аудартады. Әлемдік рейтинг көрсеткіштері қоғамдағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасымен, деңгейімен бағаланады. Біздің елімізде осы жылдың көлемінде үш үлкен жаңғыру процесі жүргізілді. Ол отыз озық елдік қатарына кіруге бағытталған экономикалық жаңғыру, 2017 жылғы 10 наурыздағы конституциялық реформа, 2017 жылғы 12 сәуірдегі рухани жаңғыру басымдықтары. 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заңда бекітілген жаңа принциптер мен құқықтық мемлекеттің идеялары, мемлекеттік қызметкерлердің негізгі қызметтерінің негізгі көрсеткіштеріне жауап беретін кәсіби құқықтық мәдениеттің қалыптасуын талап етеді. Жаһандық технологиялық үрдістер, цифрлық технологияның қарыштап дамуы мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби құқықтық мәдениетінің одан әрі жетілдіріліп шапшаң дамып, жаңа заманғы тәсілдерді мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың күнделікті қызметіне пайдалу қажеттігін туғызады»[4, 36].

Біз көтерген мәселелердегі құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың одан әрі жетілдірілуі азаматтардың барлығын таза, ашық қоғамда жұмыс істеуге шақырады. Ол әрине заңның үстемдігін мойындап, барлық ережелерді толық игеріп, мемлекетке адал қызмет ету. Бұл мемлекеттік деңгейдегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп атап көрсетті: «Ашық және әділ жұмыс істейміз. Біз үшін ең маңызды міндет-заңға сай адал қызмет ету. Біздің бір ғана Отанымыз бар! Тағдырымыз -бір! Біз халқымыздың жарқын болашағы үшін бәріміз бірге еңбек етеміз!» [5, 1].

Заң ғылымындағы әлі де терең зерттелуді қажет ететін күрделі мәселелер баршамызға, әсіресе құқықтық мемлекеттің дамуына сәйкес қойылатын талаптардың негізгі басымдықтары біз көтеріп отырған өзекті ұғымдардың мағынасынан құралады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 г. - [Электрон.ресурс]. - URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar (Дата обращения: 11.04.2020)
- 2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2 қыркүйек 2019 - [Электрон.ресурс]. - URL: (https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy) (Дата обращения: 11.04.2020)
- 3 Ибрагимов Ж.И. Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін жетілдіру// «Құқық жүйесі мен замануи мемлекет: мәселелері, даму үрдістері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Нұр-Сұлтан., - 2019. - 672 б.
- 4 Ибрагимов Ж.И. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін жетілдірудің мәселелері// Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жаршысы. Құқық сериясы. Нұр-Сұлтан., - 2019. - №1(126). - 189 б.
- 5 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсiмiндегi сөйлеген сөзi. 12 маусым 2019 [Электрон.ресурс]. - URL: (https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy) (Дата обращения: 13.04.2020)

А.Н. Оспанова, Ж.И. Ибрагимов

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Место правовой культуры в развитии государственности Республики Казахстан

Аннотация. В научной статье рассматриваются актуальные аспекты касательно совершенствования правовой культуры и правового сознания в Республике Казахстан. Проведен анализ значимости правовой культуры в ходе юридической практики. Эффективность преобразований в правовой сфере и в государстве в целом, а также процессов модернизации страны, отражена в прямой зависимости от уровня правовой культуры современного общества. Также уделено внимание проблемам становления и укрепления профессиональной правовой культуры государственных служащих, непосредственно влияющих на уровень правосознания членов общества.

Ключевые слова: Конституция, право, национальное законодательство, правовая культура, гражданское общество, правовое сознание, правовое государство, норма, статья.

A.N. Ospanova, G.I. Ibragimov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The place of legal culture in the development of statehood of the Republic of Kazakhstan

Abstract: The scientific article discusses relevant aspects of improving the legal culture and legal awareness in the Republic of Kazakhstan. The analysis of the importance of legal culture in the process of legal practice. The effectiveness of transformations in the legal sphere, as well as in the state as a whole, in the processes of modernization of the country is directly dependent on the level of legal culture of modern society. As well as the problems of the formation and strengthening of the professional legal culture of civil servants that directly affect the level of legal awareness of members of society.

Keywords: Constitution, law, national legislation, legal culture, civil society, legal consciousness, rule of law, rule, article.

References

- 1 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana. «Kazahstanskij put' – 2050: Edinaja cel', edinye interesy, edinoe budushhee» ot 17 janvarja 2014 g. [Message from the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. «Kazakhstan's Way - 2050: One Goal, Common Interests, Common Future» dated January 17, 2014]. [Electron. resource]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylygy-17-kantar (Accessed:11.04.2020)
- 2 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy 2 qyrkútek 2019. [Address of the President Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan September 2, 2019] [Electronic resource]. Available at: https://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy (Accessed:11.04.2020)
- 3 Ibragimov J.I. Qazirgi zamanǵy memlekettik qyzmetshilderdiń quqyqtyq mádenietin jetildirý// «Quqyq júesi men zamanýı memleket: máseleleri, damý úrdisteri jáne keleshegi»atty halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konferentsıa materialdarynyń jınaǵy. Nur-Sultan., 2019. 672b. [Ibragimov Zh.I. Improving the legal culture of modern civil servants Proceedings of the international scientific-practical conference /The legal system and the modern state: problems, development trends and prospects, 2019. P. 672.]
- 4 Ibragimov J.I. Memlekettik qyzmetshilderdiń kásibi quqyqtyq mádenietin jetildirýdiń máseleleri // L.N.Gýmılev atyndjaǵy Eýrazıa ulttyq ýniversitetiniń jarshysy.Quqyq serıasy. Nur-Sultan., №1(126) 189 (2019). [Ibragimov Zh.I. Problems of improving the professional legal culture of civil servants [Bulletin of the LN Gumilyov Eurasian National University. Law series. [Nur-Sultan]. №1 (126), 189 (2019)].
- 5 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan Repýblikasynyń sailanǵan Prezidenti qyzmetine resmı kirisý rásimindegi sóilegen sózi. 12 maýsım 2019 [Speech by President Kassym-Zhomart Tokayev at the official inauguration of the President-elect of the Republic of Kazakhstan. June 12, 2019] [Electronic resource]. Available at https://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy (Available at 13.04.2020)

Авторлар туралы мәлімет:

Оспанова А.Н. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультетінің докторанты, Сәтпаев көшесі, 2. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ибрагимов Ж.И. – з.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультетінің деканы, Сәтпаев көшесі, 2.Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ospanova A.N. - PhD student, Faculty of Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satapaev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Ibragimov J.I. - PhD of Law, Professor, Dean of the Law Faculty, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satapaev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.